



АҚ «Қ. Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»	
САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ	
Іс-қимыл тәртібі туралы ереже	
Түлектердің құзыреттілік моделі туралы ереже	XC ISO 9000:2015 XC ISO 9001:2016 XC ISO 37001:2016
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-11	Күні « <u>18</u> » <u>маусым</u> 20 <u>25</u> ж.

БЕКІТЕМІН
«Қ. Құлажанов атындағы
ҚазТБУ» АҚ Ректоры
Л.К. Байболова
« 18 » маусым 2025 ж.

**САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ
ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЕРЕЖЕ
ҚазТБУ-ББББ-ІҚТТЕ-8.3/8.1-2025-11**

КЕЛІСІЛДІ
АСЖ Проректор
Э.Б. Аскарбеков
« 18 » маусым 2025 ж.

Астана, 2025

Нұсқа: _____ КЭ: _____ «Google диск» бойынша тіркеу № _____

АЛҒЫ СӨЗ

Осы Ереже Білім беру бағдарламалары басқармасымен әзірленді.

Осы Ереженің талаптары оқу процесін қамтамасыз ететін барлық құрылымдық бөлімшелер үшін міндетті болып табылады.

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБК» АҚ құжаттамасының құрамына кіреді.

Осы Ережені мерзімді тексеруді БББ басшысы 3 жылдан аспайтын аралықпен жүргізеді.

Осы Ереже «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБК» АҚ ректорымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Ережеге өзгерістер оның «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБК» АҚ қызметінде қолданылуының нәтижелері бойынша әзірленеді.

Ғылыми кеңес шешімінің № 7 хаттамасымен 29.02.2024 ж. бастап, ПД 10-07.27-2022 «Түлектердің құзыреттілік моделі туралы ережесін» күшін жойған деп тану.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	2
1. Құжаттың атауы	4
2. Әзірлеуші	4
3. Құжатты әзірлеу мақсаты	4
4. Нормативтік сілтемелер	4
5. Терминдер мен анықтамалар	5
6. Қолданылған қысқартулар	6
7. Жалпы ережелер мен рәсімдеу сипаттамасы	6
8. Түлек моделін жобалау тәртібі	7
9. Процесске байланысты тәуекелдер және тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар	9
10. Жауапкершілік және өкілеттіктер	9
Түлек моделінің нысаны Н.ББББ.8.3/8.1-2025-11-01	10
Келісу парағы Н.СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-02 (міндетті)	11
Танысу парағы Н.СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-03 (міндетті)	11
Тіркеу өзгерістерінің парағы Н.СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-04 (міндетті)	12
Мерзімдік тексерулерді есепке алу парағы Н.СҚЕЖАБ-7.5-2025-05-05 (міндетті)	12

1. ҚҰЖАТТЫҢ АТАУЫ

1.1 Түлектердің құзыреттілік моделі туралы ереже

2. ӘЗІРЛЕУШІ

2.1 Білім беру бағдарламалары басқармасы

3. ҚҰЖАТТЫ ӘЗІРЛЕУ МАҚСАТЫ

3.1 Мамандар даярлау сапасын қамтамасыз ету және олардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша талаптарды айқындау.

4. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

4.2 ХС ISO 9000:2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік;

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйелері – Талаптар және қолдану жөніндегі ұсынымдар;

4.4 ҚР «Білім туралы» Заңы № 319-III, 27.07.2007 ж. (15.04.2025 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.5 ҚР «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңы № 267, 13.12.2001 ж. (19.04.2023 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.6 «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Заңы № 142-II, 16.01.2001 ж. (01.09.2024 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.7 ҚР Еңбек кодексі №414-V ҚРЗ, 23.11.2015 ж. (19.05.2025 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.8 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 Қаулысы «Қазақстан Республикасының жоғары білімі мен ғылымын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» (14.06.2024 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.9 ҚР Үкіметінің 31.12.2015 ж. № 1193 Қаулысы «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» (17.07.2024 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.10 ҚР БҒМ-нің 30.10.2018 ж. № 595 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (24.06.2024 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.11 ҚР ҒЖБМ-нің 20.07.2022 ж. № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (22.04.2025 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.12 ҚР БҒМ-нің 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (26.03.2025 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.13 ҚР БҒМ-нің 20.03.2015 ж. № 137 бұйрығы «Қашықтықтан оқытуды ұсыну бойынша білім беру ұйымдарына қойылатын талаптарды және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қашықтықтан оқыту және онлайн оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» (21.05.2024 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.14 ҚР БҒМ-нің 17.06.2015 ж. № 391 бұйрығы «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» (05.01.2024 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.15 ҚР БҒМ-нің 31.10.2018 ж. № 606 бұйрығы «Әділет академиясын, әскери, арнаулы оқу орындарын, мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, жоғары және

(немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамының жалпы санын есептеу үшін білім алушылар санының оқытушыларға орташа арақатынасын бекіту туралы» (24.10.2023 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.16 ҚР ҒЖБМ-нің 20.11.2023 ж. № 591 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессорлық-оқытушылық құрамы) үшін кәсіптік стандартты бекіту туралы» (06.12.2023 ж. өзгерістері мен толықтыруларымен);

4.17 ҚазТБК Академиялық саясаты ҚазТБК-БББ-НҚЕ-8.3/8.1-2025-01;

4.18 Білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін жоспарлау, ұйымдастыру және мониторингілеу регламенті ҚазТБК-БББ-НҚЕ-8.3/8.1-2025—01;

4.19 «ҚазТБК» АҚ ПОҚ лауазымдарының біліктілік сипаттамалары;

4.20 «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБК» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты;

4.21 Білім беру қызметінің ішкі сапасын қамтамасыз ету саясаты ҚазТБК-БББ-НҚЕ-8.3/8.1-2025-34.

5. ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтама
Кәсіби қызмет түрі	Кәсіби қызмет нысанасын өзгерту, қайта құру мақсатында оған әсер етудің әдістерінің, тәсілдерінің, қабылдауларының, сипатының жиынтығы
Кәсіби қызмет міндеттері	Өндірістік салада туындайтын және негізгі білім беру бағдарламасын меңгерген түлек шешуді талап ететін міндеттер
Түлектердің құзыреттілік моделі	Жалпы біліктілік және кәсіби құзыреттіліктер тізбесін және олардың құрылымының сипаттамасын қамтитын, ББ меңгерудің жоспарланған білім беру мақсаттары мен нәтижелерінің жиынтығы
Құзыреттілік	Белгілі бір саладағы табысты кәсіби қызмет үшін білімді, іскерлікті және жеке қасиеттерді қолдану қабілеті
Түлек құзыреттілігі	Өзгермелі кәсіби қызмет жағдайларында білімді, іскерлікті және жеке қасиеттерді дербес қолдануға дайындықты білдіретін, интеграцияланған сипаттама
Мониторинг	Білім беру процесінің тиімділігін бағалау мақсатында оқыту нәтижелеріне жүйелі бақылау жасау
Кәсіби қызмет нысанасы	Университет түлегінің әсері бағытталатын жүйе, зат, құбылыс, процесс
Жалпы біліктілік (жалпы мәдени) құзыреттіліктер	Мамандықтар мен кәсіптердің бәріне ортақ, кәсіптен тыс болып табылатын, түлектердің академиялық дайындығына қойылатын талаптар. Сонымен қатар, бұл құзыреттіліктер белгілі бір кәсіби қызметтің ерекшелігін көрсетуі тиіс
Кәсіби құзыреттіліктер	Тұлғаның кәсіби қызметтің теориялық негіздерін практикалық және әдіснамалық қолдану қабілеті, бұл құзыреттіліктер кәсіби қызмет түрлері бойынша бөлінеді
Бейінді-мамандандырылған құзыреттіліктер	Түлек даярлаудың ББ бейінінің ерекшеліктерін көрсететін және оның кәсіби қызметін нақты пәндік салада тиісті біліктілік деңгейінде сәйкестендіретін кәсіби құзыреттіліктер. Бұл құзыреттіліктерді университет жұмыс берушілердің талаптарын және / немесе стандарттың мазмұнын ескере отырып тұжырымдайды.
Құзыреттілік паспорты	Нақты құзыреттілікке қатысты білім беру нәтижелеріне қойылатын талаптардың толық сипаттамасы
Оқыту нәтижелері	Білім алушының білім беру бағдарламасын меңгеруі арқылы алған, көрсеткен және қалыптастырған құндылықтары, білімдері, іскерліктері мен дағдыларының бағамен расталған көлемі

Стейкхолдер (Stakeholder)	Ұйым қызметіне тікелей немесе жанама мүддесі бар жеке тұлға, адамдар тобы немесе ұйым, өйткені ол ұйымға өзі әсер ете алады немесе оның әсерін сезіне алады. Сыртқы стейкхолдерлерге меншік иелері (акционерлер), тұтынушылар, жеткізушілер, серіктестер, мемлекеттік мекемелер және жергілікті қоғамдастық немесе жалпы қоғам өкілдері жатады. Ішкі стейкхолдерлерге қызметкерлер және олардың топтары жатады
Түлек кәсіби қызметінің сипаттамасы	Кәсіби салалық стандарттардың талаптарынан туындайтын кәсіби қызметтің саласын, нысандарын, түрлерін және міндеттерін сипаттау

6. ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқартулар	Толық атауы
ҚР МЖМБС	Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
ISO (ИСО)	International Organization for Standardization (Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым)
АБ	Академиялық сапа жөніндегі комиссия
ББ	Білім беру бағдарламасы
СҚАЖ	Сапаны қамтамасыз ету және аккредиттеу жөніндегі бөлім
ПОҚ	Профессорлық-оқытушылық құрам
ҚР	Қазақстан Республикасы
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ

7. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР МЕН РӘСІМДЕУ СИПАТТАМАСЫ

7.1 Түлектердің құзыреттілік моделін әзірлеу Болон процесінің негізгі бағыттарын іске асырудың сөзсіз шарты және қазіргі еңбек нарығының талабы болып табылады.

7.2 Стейкхолдерлердің және барлық мүдделі тұлғалардың сұраныстарына жауап беретін түлектің заманауи моделін қалыптастыру кадрлық, оқу-әдістемелік, ақпараттық және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қамтитын білім беру процесі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етіледі.

7.3 Білім беру бағдарламасы түлек моделін қалыптастырудың негізгі компоненттеріне білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері, кәсіби қызметтің нысаналары, түрлері мен бағыттары туралы ақпарат, маманның құзыреттілік моделі, оның ішінде дескрипторлар, білім беру бағдарламасына сәйкес құзыреттіліктердің түрлері, білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері кіреді.

7.4 Кафедра (жұмыс тобы) кәсіби қызмет бағытының жетекші мамандарымен, өндіріс саласының өкілдерімен және білім алушылармен бірлесіп, дескрипторларға сәйкес келетін түлек моделін қалыптастырады, нормативтік-құқықтық актілерді, кәсіптік стандарттарды зерделейді, мониторинг жүргізеді.

7.5 Түлек моделін қалыптастыру кезінде әзірлеушілер тобы ұлттық біліктілік шеңберлерін, салалық біліктілік шеңберлерін, кәсіптік стандарттарды, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, жетекші, шетелдік жоғары оқу орындарының ББ-ларын, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын және т.б. талдайды. Онымен синхронды түрде әзірлеушілер тобы ББ түлегінің негізгі құзыреттіліктерін анықтау мақсатында жұмыс берушіге сауалнамалық сауалнама ұйымдастырады.

7.6 Түлек моделін қалыптастыру қағидаттары:

7.6.1 Құзыреттілік тәсілі – бұл қағидат негізгі болып табылады және түлек моделі тек қана менгерілген білім көлеміне емес, құзыреттіліктер негізінде құрылуын талап етеді;

7.6.2 Стейкхолдерлердің сұраныстарына бағдарлану – түлек моделі еңбек нарығында өзекті және сұранысқа ие болуы тиіс. Модельді қалыптастыру кезінде барлық мүдделі

тараптардың (стейкхолдерлердің) сұраныстары ескеріледі: жұмыс берушілер (кәсіптік стандарттар), студенттер, оқытушылар және жалпы қоғам. Түлек құзыреттіліктері лауазымдардың біліктілік сипаттамаларына және кәсіби қызмет түрлеріне сәйкес келуі тиіс;

7.6.3 Нормативтік құжаттарға сәйкестік – модельді қалыптастыру қолданыстағы нормативтік-құқықтық база шеңберінде жүзеге асырылады: Ұлттық біліктілік шеңберіне және ҚР МЖМБС-на, Болон процесінің ережелеріне және т.б. сәйкестік;

7.6.4 Практикалық бағдарлылық және қолданбалы сипат – түлек еңбек қызметіне дереу кірісуге дайын болуы тиіс. Практикалық дағдылар мен іскерліктерді қалыптастыруға баса назар аударылады;

7.6.5 Үздіксіз даму және өмір бойы оқуға дайындық – тез өзгеретін әлем жағдайында түлек өзінің құзыреттіліктерін үнемі жаңартуға және кеңейтуге дайын болуы тиіс;

7.6.6 Әлеуметтік және азаматтық жауапкершілік – модельге кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, толеранттылық, тарихи және мәдени мұраны құрметтеу, сондай-ақ этикалық нормаларды сақтау сияқты сипаттамалар; шығармашылық және жасампаз әлеуметтік белсенділікке қабілеттілікті дамыту, сондай-ақ көшбасшы болу және дербес шешімдер қабылдау іскерлігі кіреді;

7.6.7 Бәсекеге қабілеттілік – құзыреттіліктер моделін қалыптастыру кезінде бәсекеге қабілеттілік қағидаты білім беру процесінің озық дамуға, ұсыныстың бірегейлігіне (түлекті ерекшелетін, еңбек нарығында сұранысқа ие ерекше құзыреттіліктерді дамыту, мысалы, сирек тілдерді, бірегей цифрлық құралдарды, пәнаралық дағдыларды меңгеру), түлек моделін жетекші әлемдік және ұлттық университеттердің модельдерімен, сондай-ақ халықаралық кәсіби стандарттардың талаптарымен салыстыруға бағдарлануын талап етеді.

7.7 Түлек моделі білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдалану үшін ұсынылады.

8. ТҮЛЕК МОДЕЛІН ЖОБАЛАУ ТӘРТІБІ

8.1 Түлек моделі – бұл түлектің қандай функцияларды орындауға дайын болуы керектігін және қандай қасиеттерге ие болатынын сипаттау.

8.2 Білім беру бағдарламасын жобалау кезінде түлектің кәсіби қызмет салалары зерттеледі. Бұл ретте құзыреттіліктердің бастапқы тізбесін қалыптастыру үшін құжаттар талданады (кәсіптік стандарттарды қолдану тәжірибесі; МЖМБС; лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары, жетекші шетелдік ЖООБҰ-лардың ББ-лары және т.б.).

8.3 Осы кәсіби саладағы даярлаудың әрбір бағыты үшін құзыреттіліктердің алдын ала тізбесі келесідей қалыптастырылады:

8.3.1 жалпы құзыреттіліктер (мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер) анықталады;

8.3.2 кәсіби құзыреттіліктер (осы бағытқа тән теориялық білімдер мен практикалық дағдылар мен іскерліктер) анықталады.

8.4 Қажет болған жағдайда еңбек нарығын және кәсіптік стандарттарды талдау негізінде жасалған құзыреттіліктердің алдын ала тізбесін нақтылау және басымдық беру мақсатында жұмыс берушілерге сауалнама жүргізіледі; жұмыс орнындағы белгілі бір құзыреттіліктің маңыздылық дәрежесі және оны университетті бітіргеннен кейін маманның меңгеру деңгейі анықталады. Ол үшін:

8.4.1 бастапқы құзыреттіліктерді пайдалана отырып, жұмыс берушінің сауалнамасы әзірленеді;

8.4.2 сауалнама жүргізудің сандық (стандартталған сауалнамаларды пайдалана отырып) және сапалық (сұхбат және фокус-топтар) әдістері іріктеледі;

8.4.3 сауалнамаға қатысушылар – ББ түлектері жұмыс істейтін зерттелетін кәсіби саланың өкілдері іріктеледі.

8.5 Әрі қарай ББ-ға және оларды меңгеру деңгейіне сәйкес келетін қызмет саласына тән құзыреттіліктерді айқындайтын кәсіби маңызды құзыреттіліктер анықталады.

8.6 Құзыреттіліктер білім беру процесіне технологиялар, білім беру мазмұны, өмір салты, оқытушылар мен білім алушылар арасындағы және білім алушылар арасындағы өзара іс-қимыл түрі арқылы "енгізіледі".

- 8.7 Түлек моделін әзірлеу үшін осы бағыт бойынша білім беру бағдарламасының жалпы бейінін анықтау қажет.
- 8.8 Бейінді анықтау процесіне мыналар кіруі тиіс:
- 8.8.1 осы мамандық (бағыт) бойынша отандық және халықаралық сипаттамалар мен критерийлер тұрғысынан үрдістерді талдау;
- 8.8.2 осы білім беру бағдарламасы (бағыты) бойынша сарапшылармен консультациялар;
- 8.8.3 тиісті қызмет түрлерін реттеу саласындағы халықаралық құжаттарды зерделеу;
- 8.8.4 халықаралық деңгейдегі жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларымен танысу;
- 8.8.5 экономика секторының, даярлау бағытының (білім беру бағдарламасының) болжамды дамуына байланысты құзыреттіліктерді анықтау;
- 8.8.6 тиісті кәсіптік стандарттарды, лауазымдық нұсқаулықтарды және біліктілік сипаттамаларын зерделеу, менеджерлердің, персоналды басқару жөніндегі мамандардың талаптарын жинақтау;
- 8.8.7 қызметтің бүгінгі және ертеңгі жай-күйі тұрғысынан орындалуы қажет қызметті және/немесе міндеттерді сипаттау.
- 8.9 Алдын ала талдау нәтижелері бойынша түлектің мынадай сипаттамаларын анықтау қажет:
- 8.9.1 Кәсіби қызмет саласы – адам қызметінің еңбек жүзеге асырылатын салаларының жиынтығы, мысалы, ғылым, білім, экономика, мәдениет, мораль, этика, өнер, құқық, саясат, дене шынықтыру және спорт және т.б.
- 8.9.2 Кәсіби қызмет нысаналары – мамандардың еңбегі бағытталған материалдық және материалдық емес саланың заттары, мысалы, зат, энергия, ақпарат, сана, процесс, жүйе, қатынастар және т.б.
- 8.9.3 Кәсіби қызмет түрлері – сипаттамалық белгілердің болуына және шешу тәсілдеріне сәйкес бөлінетін еңбек саласындағы міндеттер, мысалы, оқыту, өнертабыс, зерттеу, құрастыру және т.б.
- 8.9.4 Кәсіби қызмет міндеттері – шешімді талап ететін проблемалар, мысалы, оқыту және тәрбиелеу, тұлғаны қалыптастыру, ғимараттарды жобалау және салу, ұжымды басқару, өнім өндіру және т.б.
- 8.10 ББ түлектерді оқыту нәтижелерін жобалау кезінде ескерілуі тиіс келесі құзыреттіліктермен қаруландыруы тиіс:
- 8.10.1 Мінез-құлық құзыреттіліктері (soft skills) – түлекке тиімді өзара әрекеттесуге және әртүрлі жағдайларға бейімделуге көмектеседі, оларға мыналар кіреді: өзін-өзі оқыту және жүйелі ойлау; трансдисциплинарлық және кроссфункционалдылық; АКТ құзыреттіліктері, коммуникация, тілдерді білу; технологиялық сауаттылық; креативтілік; кәсіпкерлік; әлеуметтік интеллект, командалық жұмыс; бейімделгіштік; этикалылық; жоғары белгісіздік және міндеттер жағдайының тез өзгеру режимінде жұмыс істеу (тез шешім қабылдау, жұмыс жағдайының өзгеруіне ден қою, ресурстарды бөлу және өз уақытын басқару білігі).
- 8.10.2 Цифрлық құзыреттіліктер (digital skills) – бұл цифрлық ортада және цифрлық өнімдермен жұмыс істеу бойынша құзыреттіліктер кешені, оған мыналар кіреді:
- 8.10.2.1 ақпаратпен жұмыс істеу – ақпаратты іздеу, талдау және өңдеу білігі;
- 8.10.2.2 технологияларды пайдалану – кәсіби қызмет үшін қажетті негізгі құралдарды және бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеру;
- 8.10.2.3 киберқауіпсіздік – жұмыста цифрлық құралдарды пайдалану.
- 8.10.3 Кәсіби құзыреттіліктер (hard skills) – маманға кәсіби қызметтің кез келген жағдайында сауатты әрекет етуге мүмкіндік береді, оған мыналар кіреді:
- 8.10.3.1 кәсіби білімдер – пәндік саланы және ондағы өзекті үрдістерді терең түсіну;
- 8.10.3.2 практикалық дағдылар – теориялық білімді практикада қолдану іскерлігі, оның ішінде мамандандырылған құралдар мен технологияларды пайдалану; әрбір маманға кәсіби қызметтің кез келген жағдайында сауатты әрекет етуге мүмкіндік беретін кәсіби қызметте жаңа идеялар мен тәсілдерді әзірлеу қабілеті.

8.11 Құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейі түлектердің бәсекеге қабілеттілігін айқындайды, оның көрсеткіші олардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуы және жұмыс берушілердің бағалауы болып табылады.

8.12 Кәсіби құзыреттіліктердің (hard skills) тізбесін қалыптастыру үшін кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамынан, жұмыс берушілерден, шетелдік әріптес жоғары оқу орындарынан, студенттер өкілдерінен жұмыс тобы құрылады, ол мыналарды талдауға негізделе отырып, пәндік-мамандандырылған құзыреттіліктердің алдын ала тізімін әзірлейді және талқылауға ұсынады:

8.12.1 түлек қызметінің саласы мен нысаналары;

8.12.2 оның қызметінің түрлері мен міндеттері;

8.12.3 лауазымдық нұсқаулықтар мен біліктілік сипаттамаларын талдау.

8.13 Түлектің құзыреттілік моделін құрудағы маңызды қадам – құзыреттіліктерді сәйкестендіру үшін тартылатын негізгі қатысушыларды таңдау.

8.14 Стейкхолдерлер тізімі үш санаттағы өкілдерден қалыптастырылады: жұмыс берушілер; академиялық қоғамдастық; түлектер. Жұмыс берушілердің, кәсіби ұйымдардың сұраныстарын ұлттық және халықаралық деңгейде ескеру маңызды.

9. ПРОЦЕССКЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ІС-ҚИМЫЛДАР

9.1 Процеске байланысты тәуекелдер:	9.2 Тәуекелдердің алдын алу бойынша іс-қимылдар:
<ul style="list-style-type: none"> • Өзектіліктің болмау/Нарықтан алшақтау тәуекелі (құзыреттіліктердің ескіруі, сұранысқа ие болмауы); • Формализм тәуекелі (стейкхолдерлердің аз тартылуы, модельдің декларативтілігі); • Ресурстық базаның жеткіліксіздік тәуекелі (оқытушылардың біліктілігінің немесе заманауи жабдықтың жетіспеушілігі); • Бағалау және бақылау тәуекелі (кешенді құзыреттіліктерді өлшеу тетіктерінің барабар болмауы). 	<ul style="list-style-type: none"> • Тұрақты мониторинг және болжау: (еңбек нарығы мен технологияларға жыл сайынғы талдау жасау, сарапшылармен болжамдық панельдер құру); • Стейкхолдерлермен жүйелі өзара іс-қимыл, студенттер мен түлектерге тұрақты сауалнама жүргізу; • Дамуға инвестициялау: ПОҚ-тың біліктілігін тұрақты арттыру (Soft Skills, цифрлық дағдылар бойынша); материалдық-техникалық база мен цифрлық инфрақұрылымды жаңарту; • Кешенді бағалау құралдарын енгізу (құзыреттілікке бағдарланған бағалауға көшу (портфолио, жобалық қызмет, симуляциялар, нақты кейстерді қорғау)).

10. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

10.1 Ережені әзірлеуге және оның сақталуын бақылауға жауапты БББ басшысы болып табылады. Лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін бөлу кестеде келтірілген.

Бөлімше	Өкілеттіктер
Факультеттің академиялық сапа жөніндегі комиссиясы	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу шеңберінде түлек моделін келісу
Білім беру бағдарламалары басқармасы	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу шеңберінде түлек моделін келісу
Әдістемелік бөлім	Құжатталған ақпаратты өзектендіру; Білім беру бағдарламаларын әзірлеу шеңберінде түлек моделіне мониторинг жүргізу.
Кафедра	Түлектің құзыреттілік моделін қалыптастыру және БББ-ға енгізу (Ф.БББ 8.3/8.1-2025-11-01).

ҚОСЫМША

Н. ББББ.8.3/8.1-2025-11-01 (міндетті)

Түлек моделінің нысаны

ТҮЛЕК МОДЕЛІ			
Кәсіби стандарт (кәсіби стандарт атауын белгілеңіз)	Құзыреттіліктер (soft skills, digital skills)		
	Түлек атрибуттары	Білім	Іскерліктер
	<i>Құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелерінің негізінде жасалған білім беру бағдарламасының нақты атрибуттарын белгілеңіз</i>	<i>Жеке және кәсіби жұмыста қолданылатын нақты мәлімет пен нормаларды белгілеңіз</i>	<i>Қызмет нормаларының талаптарына сәйкес қызметкердің нақты бақыланатын әрекеттерін белгілеңіз</i>
	Кәсіби дағдылар (hard skills)		
	<i>Біліктілік және құзыреттілік деңгейіне нақты талаптарды көрсету</i>		

ҚОСЫМША

Ф. БББ 8.3/8.1-2025-11-01 (міндетті)

Түлек моделінің нысаны

ТҮЛЕК МОДЕЛІ			
Кәсіби стандарт (кәсіби стандарт атауын белгілеңіз)	Құзыреттіліктер (soft skills, digital skills)		
	Түлек атрибуттары	Білім	Іскерліктер
	<i>Құзыреттіліктер мен оқыту нәтижелерінің негізінде жасалған білім беру бағдарламасының нақты атрибуттарын белгілеңіз</i>	<i>Жеке және кәсіби жұмыста қолданылатын нақты мәлімет пен нормаларды белгілеңіз</i>	<i>Қызмет нормаларының талаптарына сәйкес қызметкердің нақты бақыланатын әрекеттерін белгілеңіз</i>
	Кәсіби дағдылар (hard skills)		
	<i>Біліктілік және құзыреттілік деңгейіне нақты талаптарды көрсету</i>		